

КОНЦЕПТ «СЧАСТЬЯ» В РЕЛИГИИ ИСЛАМ

К.Ж. Касымбаев

В этой статье, мы попытаемся глубже изучить что такое концепт «счастье» на основе религиозных концепций в арабо-мусульманском обществе и определить место понятия «счастье» в мусульманском обществе. Анализируя основы и теоретическую значимость понятия «счастье» в исламе, цитируя из текстов Корана и Хадисов, тем самым объясняя значение «счастье» и его роль. Также взгляды отечественных и арабо-мусульманских ученых о «счастье». Мы используем методы сравнительного теоретического исследования понятия «счастье». Согласно стихам Корана и хадисов в исламе, мусульманин должен не только учиться и практиковать в этой жизни, но и молиться Аллаху в надежде достичь бесконечного счастья в будущей жизни. Верующие верят в новую жизнь, которая начнется после мирской жизни, то есть вечную жизнь, и верят, что настоящая жизнь и бесконечное счастье обретет только в будущем. В религиозных текстах это означает, что вечная душа счастлива только вкусом вечного счастья. Говорится, что религиозный человек знает, что материальное счастье не может сделать человека счастливым. Цитируются и подтверждаются слова ученых о «счастье». В исламе религиозные тексты утверждают, что не совершающий грехи человек достигает вечного счастья.

Ключевые слова: счастье, концепт, ислам, религия, Коран, Хадис, арабский, мусульманин, счастливый, духовная ценность, мыслитель, мировоззрение.

CONCEPT OF "HAPPINESS" IN ISLAM RELIGION

K. Kassymbayev

In this article, we will try to study more deeply what the concept of "happiness" is based on religious concepts in the Arab-Muslim society and to determine the place of the concept of "happiness" in the Muslim society. Analyzing the foundations and theoretical significance of the concept of "happiness" in Islam, quoting from the texts of the Koran and Hadith, thereby explaining the meaning of "happiness" and its role. Also, the views of domestic and Arab-Muslim scholars about "happiness." we use methods of comparative theoretical research of the concept of "happiness". According to the verses of the Qur'an and Hadith in Islam, a Muslim must not only learn and practice in this life, but also pray to Allah in the hope of achieving endless happiness in his future life. Believers believe in a new life that begins after worldly life, that is, eternal life, and they believe that real life and infinite happiness will only be found in the future. In religious texts, this means that the eternal soul is happy only with the taste of eternal happiness. It is said that a religious person knows that material happiness cannot make a person happy. The ideas of scientists about "happiness" are quoted and confirmed. In Islam, religious texts state that one is free from sins attains eternal happiness.

Key words: happiness, concept, islam, religion, Quran, Hadith, arabic, muslim, happy, spiritual value, thinker, worldview.

FTAXP: 03.29

А.М. Мамырбеков¹, Ұ.Б. Тлемисов², Ж.М. Тлемисова¹

¹Қазақ инновациялық гуманитарлық заң университеті, Семей қ.

²Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті

ЕКІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫС КЕЗЕҢІНДЕ ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНА ДЕПОРТАЦИЯЛАНҒАН ҰЛТТАРДЫҢ ТАРИХЫ

Аңдатпа: КСРО халықтарының жер аударылуы, соның ішінде ұлттардың күштеп көшірілу тарихы туралы сөз қозғау, бұрындығы тыйым салынған «қауіпті» тақырып болды. Бұл зерттеу жұмысында 20 ғасырдың ортасындағы Қазақстанға депортацияланған ұлттардың тарихын зерттеу әсіресе поляк ұлтының Шығыс Қазақстан облысына (ШҚО) қоныстануы үрдістері мен кезеңдері қарастырылған. Шығыс Еуропаның батыс бөлігінен депортациялау кезінде поляктардың жылжымайтын мүлігі, құралдары мен малдары Ресейдің жергілікті әкімшілігіне акт бойынша берілді. Сонымен қатар поляктардың балаларының Қазақстанның барлық аймақтарына жөнелтілгендігі, олардың тұрмысы мен әлеуметтік жағдайы зерделенді. Сонымен қатар Поляктардың депортацияға ұшырау себептері мен сипаты қарастырылып, ШҚО келу тарихы мен кезеңдері көрсетілген. Сонымен бірге, зерттеуде, XX ғасырда Шығыс Қазақстандағы поляк диаспораларының қалыптасуы, олардың депортацияға ұшырауы және әлеуметтік жағдайы, демографиялық, миграциялық қозғалысы, мәдени дамуы қарастырылған.

Түйін сөздер: депортация, поляк ұлты, поляк диаспорасы, Польша, миграция, екінші дүниежүзілік соғыс кезеңі.

Зерттеуде, XX ғасырдың 1939-1945 жж Шығыс Қазақстандағы поляк диаспораларының қалыптасуы, олардың депортацияға ұшырауы және әлеуметтік жағдайы, демографиялық, миграциялық қозғалысы, мәдени дамуы қарастырылған.

Зерттеудің өзектілігі. Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғаннан кейін қоғамда болып жатқан түбегейлі өзгерістердің мазмұны біздің елімізде заманауи, шынайы ұлттық саясаттың жаңа сипатын қалыптастырды. Осыған байланысты елдегі ұлтаралық қатынастар саясатын қайта қарау және жаңаша баға беру қажеттілігі туындап отыр. Қазақстан Республикасы сияқты көп ұлтты елде ұлт мәселесі бірінші кезекке шығуы маңызды.

Осы зерттеуде Қазақстан аумағына айдалып келген Поляктардың депортацияға ұшырауы және әлеуметтік жағдайы қарастырылады.

Зерттеу жұмысының методологиясы мен материалы.

Тарих ғылымына қойылатын теориялық және әдіснамалық талаптарға сәйкес тақырыпты талдай отырып, біз қоғамымыздың қазіргі дамуынан туындаған өзгерістерді басшылыққа алдық. Тәуелсіздікке дейін диаспораның қалыптасуы мен дамуы жөніндегі жалғыз жұмыс бір уақытта КОКП жүргізіп отырған саясат тұрғысынан талданғаны белгілі. Осы тұрғыдан алғанда, зерттеу объективті, жүйелік, тарихи және салыстырмалы сипаттағы заманауи отандық тарих ғылымының ұсыныстары негізінде жүргізілді.

Мұрағат деректері, әртүрлі кезеңдердегі зерттеулер, мақалалар теориялық және сын тұрғысынан талданып, кеңінен қолданылды. Зерттеу барысында жаңа ғылыми зерттеулер негізінде қалыптасып келе жатқан ой-тұжырымдар, жаңа бағыттағы шығармалар мен еңбектер негізге алынды. Зерттеуде нақты тарихи, салыстырмалы-тарихи талдау, жинақтау және жалпылау әдістері, логикалық статистикалық әдістер қолданылды. Зерттеу жұмысы объективтілік, толықтық, тарихи, ғылыми талдау негізінде және қарастырылатын оқиғаларға жаңаша көзқарас қағидаттарын басшылыққа алынып жазылды.

Талқылау және нәтиже

Поляктардың Қазақстанға ағылуы 1936 жылы басталды. Бұған 52 мың поляктарды Украинаның батыс бөлігінен депортациялау туралы Совет өкімінің № 776-120СС жасырын шешімі себеп болды [1]. Мұның себебі Сталиннің Германиямен соғыста поляктарға сенбеуі болды. Украинадан поляктардың бүкіл тобы жер аударылды. Украинадан және Беларуссиядан жаппай қоныс аудару шежіресінде 1936 жылы Қазақстан поляктарының тарихында зерттелмеген олқылықтар бар (1936 жылғы 17 қаңтар мен 28 сәуірдегі заңдарға сәйкес). Поляктарды қоныстандыру 1937 жылы жалғасқаны белгілі. Бірақ бұл жолы эвакуацияланғандардың саны аз. Олар, сондай-ақ «арнайы жер аударылғандар» атағына ие болды.

1937-1938 жылдары поляктар сенімсіз халық ретінде күштеп жер аударылды. Қоныс аудару большевиктер Бүкілодақтық коммунистік партиясы Орталық Комитетінің 1937 жылғы 11 тамыздағы № 00485 бұйрығымен жүзеге асырылды. Сталиннің мақұлдауымен, Ежовтың бұйрығымен НКВД-ның барлық жергілікті органдарына «поляк барлауының КСРО-да поляк қарсылығын, тыңшылықты, диверсияны және терроризмді ұйымдастыру туралы» жабық хаты таратылды. Негізінен, осы бұйрыққа дейін, ағымдағы жылдың 30 шілдесінде № 00447 бұйрық шығарылды, бұл бұйрықта қосымша хат болмады. Бұл бұйрық НКВД-нің барлық қызметкерлеріне түсінікті болды, өйткені онда бұрын жасалған айыппұлдар мен осындай жағдайларда жасалуы қажет міндетті шаралар тізімі көрсетілген. Яғни, тұтқындауларды есепке алу, кінәлі Польша азаматтарын тіркеу, өлім жазасына кесілген адамдардың тізімін жасау және т.б. Бұйрықтың мазмұны бұрыннан белгілі болған кулақтарды, саяси қылмыскерлерді және бұрынғы партия жетекшілерін, бір сөзбен айтқанда, дін қызметкерлерін, КСРО-ға қарсы «қауіпті элементтерді» қудалау болды. Ұжымдастыру кезеңінен бастап осы мәселемен айналысатын НКВД алғашқы тапсырысты орындау оңай болды [2].

Ал № 00485 бұйрық мүлде басқа сипатта болды. «Тыңшылық және диверсия» деген сөздер бұрынғыша поляк азаматтарына ғана емес, КСРО-дағы барлық поляк азаматтарына қатысты қолданылды. Бұрынғы әскери поляктар да айыпталушылардың қатарына енді. Бұл жағдай сол кездегі КСРО-да барлық поляктарға әсер етті деу артық емес. [2].

Өзге ұлттарды ішкі Ресейден шет аймақтарына көшіру үшін ақша мемлекеттік банк арқылы бөлінді. 1939 жылдың бірінші тоқсанында мемлекет бюджетінен көші-қон

бөлімдеріне ақша аударылды, олардың орындалуы қатаң бақылауға алынды. Қазақстанға ақша аударымдарының көлемі және қазақ жерлеріне қоныс аударушылардың саны КСРО-ның басқа облыстары мен республикаларына қоныс аударушылар санынан едәуір жоғары болды. Мәселен, биыл Иркутскіге 9830 рубль, Красноярскіге 14514 рубль, Омбыға 13 014 рубль, Ташкенттен 23 400 рубль, Алматыға 36 300 рубль бөлінді [3].

Кеңес Одағы Польша мемлекетінің шығыс бөлігін 1939 жылы қыркүйекте және 1940 жылы маусымда нацистік Германиямен жасалған келісімдер нәтижесінде қосып алды. Кеңес өкіметі тұсында Беларуссияның батыс бөлігі (Вилейск, Барановичи, Белосток, Брест, Пинск), Украинаның батыс бөлігі (Волинь, Ровно, Львов, Дрогобыч, Станиславская, Тарнополь) және Литваның біраз бөлігі енді. 1940-1941 жылдары осы аймақ халқының КСРО-ның ішкі аймақтарына қоныс аударуы басталды. Бұл аймақтағы халықтың көп бөлігі Польша азаматтары болды. «Поляк миграциясы» 1939-1941 жылдар аралығында көші-қон тарихындағы ең ірі көштердің бірі болды.

КСРО Халық Комиссарлары Кеңесінің 1936 жылғы 28 сәуірдегі № 776-120 қаулысына сәйкес, Украинадан Қазақстанға 15000 поляк және неміс шаруашылықтары, барлығы 45000 адам депортацияланды. Оның ішінде Солтүстік Қазақстан облысына 37535 адам жер аударылды, Қарағанды облысына 8020 адам қоныс аударды [4].

Беларуссия мен Украинаның батыс бөлігінен депортациялау кезінде поляктардың жылжымайтын мүлігі, құралдары мен малдары Ресейдің жергілікті әкімшілігіне акт бойынша берілді. Поляктерге тек келесі заттарды алуға рұқсат етілді:

1. Киім
2. Көрпелер мен жастықтар
3. Аяқ киім
4. Ыдыс-аяқ
5. Азық-түлік
6. Көтеріп жүруге болатын кішігірім құралдар (балта, ара, күрек, тырма, аша, тістеуік, балта және т.б.)
7. Ақша (шектеусіз мөлшердде) және зергерлік бұйымдар (сырғалар, сақиналар, алқа және т.б.) [5].

Бірақ бір отбасының салмағы 500 келіден аспауы керек еді. Жабдықтар мен ірі заттар бөлек вагонға жүктелді. 55 вагон оларды жеткізуге дайындалды [5].

Жарлыққа сәйкес отырықшы поляктар дауыс беру құқығынан айырылған жоқ. Тек тұрғын ауданнан шығуға тыйым салынады. Олар қайда барса да, ауылдық кеңестерге бағынады. Қозғалыс барысында барлық паспорттар тәркіленді.

1940 жылғы 10 ақпанда, 13 сәуірде және 29 маусымда поляк азаматтары үш лекпен депортацияланды. Ал 1941 жылдың мамыр-маусымында КСРО-ның батыс бөлігіндегі поляктар көшірілді. Поляктарды эвакуациялау бір күндік операциялардан тұрды. Басқаша айтқанда, халықты алды-артына қарамай бір күн ішінде қоныстандырылды. Бұндай аяқ-асты, шұғыл жер аударуларға қарсылықта болып жатты. Алайда, мұндай наразылықтарға қарамастан поляктар көліктерге жүктелді. Бір пойыздың жүруі қашықтыққа байланысты 2-4 аптаға созылды. Соңғы станцияға жеткеннен кейін олар жүк көліктеріне немесе кемелерге тиеліп, белгіленген орындарға жеткізілді [6].

«Осадниктерді» қоныстандыру 1940 жылы 10 ақпанда басталды. Оларды орналастыру үшін КСРО-ның 21 аймағынан 115 арнайы елді мекендер құрылды. Осылайша, 129,596 адам мәжбүрлі түрде қоныс аударылды. Семейге 300 отбасы, Ақмола облысына – 414, Павлодар облысына – 221, Қостанай облысына – 186, Шығыс Қазақстан облысына – 80 отбасы келді [6,34 б.]. Осылайша 5389 поляк қазақ жерлеріне қоныстанды [7]. Ақмола облысының Шортанды ауданында 506 адам, Сталин ауданына – 633 адам, Степняк ауданына – 849 адам, Қостанай облысының Жітіқара ауданында 884 адам, Павлодар облысының Баян-Ауыл ауданында 1108 адам, Шығыс Қазақстан облысының Самара ауданына 325 адам және 1085 адам Семей ауданының Жарма ауданына қоныстандырылды [7]. Поляктар Жарма ауданының үш ауылына, Балажалда 49 отбасы, Қазаншұңқырда 84 отбасы және Ақжалда 99 отбасы келді. Олар ауыл шаруашылығындағы қол еңбегінен басқа, әр түрлі шахталарда, әсіресе алтын кенінде тынымсыз еңбек жасады [7].

1940 жылдардың басында арнайы жер аударылғандардың санын есептеуде әр түрлі қателіктер жіберілді. Қабылдаушы ел, яғни Қазақстан дұрыс емес ақпарат берді, сондықтан кейбір жағдайларда отбасылық жазбалар орталықтағы мәліметтерге сәйкес келмеді.

Мәселен, 1941 жылдың 1 қаңтарында жіберілген баяндамада Семей облысында қоныс аударған отбасылардың саны 20 отбасына артық көрсетілген. Осы себепті ақпан айында арнайы аудит жүргізілді. Нәтижесінде 20-дан астам отбасы Семей облысына жіберілмегені белгілі болды. Жоғарыдағы есепте қате болғандықтан, бұл құжат Семейге қайтарылды [4].

1940 жылы мамырда Семей облысына 232 отбасы, яғни 1085 поляк қоныс аударылды. Оның ішінде 314 ер адам, 325 әйел және 16 жасқа дейінгі 446 бала. Олардың барлығы Жарма ауданының тау-кен аудандарына орналастырылған [8].

Кесте 1 – Жарма ауданындағы поляктардың сандық көрсеткіші [8].

Поселкелер атауы	Саны	
	жанұя	Адам
Балажал	49	236
Казан Чункур	84	374
Ақжал	99	475
Барлығы	232	1085

Кесте 2 – 1941 жылдың 1 қаңтарындағы мәлімет бойынша, Семей облысы Жарма ауданындағы поляктардың еңбекпен қамтылу кестесі [8].

Шаруашылық ұйымының атауы	Осадниктер саны		Еңбекке жарамды	Жұмыс істегендері	Жұмыс істейтіндері %	Жұмысқа жарамсыздары
	жанұя	адам				
Шаруашылық ұйымының атауы	Осадниктер саны		Еңбекке жарамды	Жұмыс істегендері	Жұмыс істейтіндері %	Жұмысқа жарамсыздары
Балажал	49	236	147	78	53.1	69
Казан Чункур	84	374	218	146	67.0	72
Ақжал	99	475	289	193	66.8	96

1941 жылдың басынан бастап Ресейдің ішкі аймақтарынан Қазақстанға басқа ұлттардың қоныс аударуы күшейе түсті. 1941 жылы 14 ақпанда КСРО Халық Комиссарлар Кеңесі барлық облыстарға қоныстандыру жоспарларын ұсынды. Аймақтарға көшіп келушілерді қабылдау мен қамтамасыз етудің жеке жоспарлары ұсынылды. Аймақтар жоспарды белгіленген мерзімде аяқтауы керек еді. Алайда, аймақтардағы дайындық кезеңі аяқталған жоқ. Тек облыс орталықтарының басшылары мен көші-қон мамандары дайындықтың жоқтығына кінәлі болмады. Бұл жағдайға көші-қон бойынша аға шенеуніктер мен Агроөнеркәсіптік банк қызметкерлерінің жұмысының дұрыс ұйымдастырылмауы да кері әсер етті. Орталық көші-қон мамандарымен банк қызметкерлеріне колхоздардың қоныс аудару науқанына жұмсайтын ақша құнын, құрылыс материалдарының құнын, сондай-ақ оларды тиісті жерге жеткізу уақыты мен ақшасын есептеу, тұрғын үй құрылысына жұмысшылар санын анықтау және оларды аяқтау уақытын белгілеу жұмыстары тағайындалған болатын [9].

Жоспар бойынша 1941 жылы Қазақ КСР 26 мың шаруашылықты қабылдауы керек еді. Олар елдің 31-ші ауданында, 1887 колхоздарға орналасуы керек еді. Жоспар түрлі кедергілерге байланысты толық орындалмады. 1941 жылдың бірінші тоқсанында Қазақстанда 24000 отбасы қоныстануы керек еді, бірақ осы жылдың 15 мамырына дейін бұл жоспардың тек 11% -ы орындалды [9].

Кесте 3 – 1941 жылы поляктардың Қазақстан облыстарына қоныстандырылуы [9].

Облыстар	1941 жылға көшіруге жоспарланған шаруашылықтар саны	Келгендер					
		Глав семей		Толық жанұялар		Барлығы	
		саны	жоспардың орындалуы %	саны	жоспардың орындалуы %	саны	жоспардың орындалуы %
Ақмола	5500	955	17,4	131	2,3	1086	19,7
ШҚО	3500	450	12,8	36	1,0	486	13,8
Павлодар	4000	523	13,0	89	2,3	618	15,3
Семей	1500	301	3,1	110	1,6	311	4,7

1943 жылы Қазақстанға одан да көп поляк балалары жіберілді. Олар Қазақстанның барлық аймақтарына жөнелтілді. Семейге 361 поляк баласы келді, 103 бала Шығыс Қазақстан облысына жіберілді [10]. 1944 жылы КСРО-ның поляк балалар ісі бойынша комитеті балаларды елдеріне қайтару мәселесін көтерді. КСРО-дағы барлық балалар үйлері поляк балаларының қайтару бойынша дайындық жүрді. 1945 жылдың 20 желтоқсанына дейін құжаттар жиналып, мұрағат деректерімен сәйкестендірілді. 1946 жылы балаларды репатриациялау жұмысы басталды [10].

Қорыта келе, Сталин 30-шы жылдардың ортасынан 1940-шы жылдарға дейін жаппай саяси қуғын-сүргіннің күшеюіне жауапты болды. Кейбір халықтар жаппай саяси қуғын-сүргінге ұшырады. Поляктар осы кезеңде азап шеккен ең масқара ұлттардың бірі болды. Сталиндік қуғын-сүргін мен геноцидтен туындаған этнодемографиялық дағдарыс поляк халқының өркендеуіне елеулі нұқсан келтірді.

Әдебиеттер

1. Губайдулин О. Страшные волны польской трагедий // Караван. – 2005– №22. – 30 мая
2. Гурьянов А.Э. Польские спецпереселенцы в СССР в 1940-1941 гг. // Репрессии против поляков и польских граждан. – Москва, 1997. – С.114-136 5-2
3. Докладная записка Переселенческого отдела при СНК Казахской ССР о ходе выполнения мероприятий по хозяйственному устройству переселенцев на 1941 год. 1941 год // РМЭМ. – 5675- қор, 1-тізбе. – 364-іс.8-3
4. Жангуттин Б.О. Из истории поляков в Казахстане 1940 годов ХХв. // Вестник КазНПУ им.Абая, серия «Исторические и социально-политические науки». – Алматы, 2006. – №1(9). – С. 90-96 9-4
5. Информационные материалы ГУЛАГа руководству НКВД // РФММ. – Р-9479с-қор, 1-тізбе. – 55-іс.3-5
6. Материалы по выселению польских осадников // РФММ. – Р-9479с-қор. – 1-тізбе. – 61– іс.6-6
7. Петров Н.В., Рогинский А. Б. «Польская операция» НКВД 1937-1938 гг. // Репрессии против поляков и польских граждан. – Москва, 1997. – С. 22-39 1-7
8. Сводные и годовые статистические сведения и дислокация спецпоселков // РФММ. – Р-9479с-қор, 1-тізбе. – 90-іс.7-8
9. Справка Переселенческого отдела НКВД СССР о количестве переселённых хозяйств за период 1933-1937 гг. от 25 января 1938 года // РМЭМ. – Р-5675-қор, 1-тізбе. – 185-іс.2-9
10. Справки и копии постановлений, решений и указаний правительственных и партийных органов // РФММ. – Р-9479с-қор, 1-тізбе. – 52-іс.4-10

ИСТОРИЯ НАРОДОВ ДЕПОРТИРОВАННЫХ В ВОСТОЧНЫЙ КАЗАХСТАН В ГОДЫ ВТОРОЙ МИРОВОЙ ВОЙНЫ

А.М. Мамырбеков, У.Б.Тлемисов, Ж.М. Тлемисова

Разговор об истории депортаций народов СССР, в том числе о насильственном переселении народов, был «опасной» темой, которая ранее была запрещена. В данном исследовании исследуется история народов, депортированных в Казахстан в середине XX века, особенно процессы и этапы заселения польского народа в Восточно-Казахстанской области (ВКО). Во время депортации из западной части Восточной Европы недвижимость, инструменты и скот поляков были переданы местной администрации России в соответствии с законом. Также было изучено, что польских детей отправляли во все регионы Казахстана, их жилищные условия и социальный статус. Также рассматриваются причины и характер депортации поляков, а также история и этапы прибытия в Восточно-Казахстанскую область. Кроме того, в исследовании рассматривается формирование польской диаспоры в Восточном Казахстане в XX веке, их депортация и социальный статус, демографическое, миграционное и культурное развитие.

Ключевые слова: депортация, польская национальность, польская диаспора, Польша, миграция, Вторая мировая война.

HISTORY OF PEOPLES DEPORTED TO EASTERN KAZAKHSTAN DURING THE SECOND WORLD WAR

A. Mamyrbekov, U. Tlemisov, J. Tlemisova

Talking about the history of deportations of the peoples of the USSR, including the forced resettlement of peoples, was a "dangerous" topic that had previously been banned. This study examines the history of peoples deported to Kazakhstan in the middle of the twentieth century, especially the processes and stages of the settlement of the Polish people in the East Kazakhstan region (EKO). During the deportation from the western part of Eastern Europe, real estate, tools and livestock of the Poles were transferred to the local administration of Russia in accordance with the law. It was also studied that Polish children were sent to all regions of Kazakhstan, their living conditions and social status. The reasons and nature of the deportation of Poles, as well as the history and stages of arrival in the East Kazakhstan region are also considered. In addition, the study examines the formation of the Polish diaspora in East Kazakhstan in the 20th century, their deportation and social status, demographic, migration and cultural development.

Key words: deportation, Polish nationality, Polish diaspora, Poland, migration, World War II.